

Шахтинск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 14 сәуірдегі XXVI сессиясының № 1024 /26 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы V шақырылған XXXII сессиясының № 1094/32 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 қаңтарда № 2939 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шахтинск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 14 сәуірдегі XXVI сессиясының № 1024/26 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2634 тіркелген, 2014 жылғы 16 мамырдағы № 19 «Шахтинский вестник» газетінде, 2014 жылғы 21 мамырдағы «Әділет» ақпараттық –құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында:

мемлекеттік тілдегі Қағидалардың 2-тармағының 11) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«11) шекті шама - әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.»;

мемлекеттік тілдегі Қағидалардың 6-тармағының 3) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«3) 1 қазан - Қарттар Күні;»;

мемлекеттік тілдегі Қағидалардың 7-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«7. Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін облыстардың атқарушы органдарымен (республикалық маңызы бар қала, астана) бекітілетін ереже негізінде атқарады.

Арнайы және учаскелік комиссия туралы үлгілік ережелер орталық атқарушы органмен бекітіледі.»;

мемлекеттік тілдегі Қағидалардың 3-тарауының атауы келесі редакцияда
мазмұндалсын:

«2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерін белгілеу тәртібі»;

мемлекеттік тілдегі Қағидалардың 8-тармағының 4) тармақшасы келесі редакцияда
мазмұндалсын:

«4) Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары;»;

Қағидалардың 8-тармағының 7) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«7) қайтыс болған Ұлы Отан соғыс мүгедектерінің әйелдері (күйеулері), қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері);»;

мемлекеттік тілдегі Қағидалардың 8-тармағының 10) тармақшасы келесі редакцияда
мазмұндалсын:

«10) Басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар, атап айтқанда: бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;»;

мемлекеттік тілдегі Қағидалардың 8-тармағының 16) тармақшасы келесі редакцияда
мазмұндалсын:

«16) амбулаториялық емделу кезінде, әлеуметтік мәні бар «туберкулез» ауруы болса
» ;

мемлекеттік тілдегі Қағидалардың 16-тармағының бірінші абзацы келесі редакцияда

мазмұндасын :

«16. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтың әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:»;

мемлекеттік тілдегі Қағидалардың 24-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«24. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 20 және 21 тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.»;

мемлекеттік тілдегі Қағидалардың 29-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«29. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру қаланың бюджетінде көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.»;

мемлекеттік тілдегі Қағидалардың 4-тарауының атауы келесі редакцияда мазмұндалсын «4. Көрсетілген әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер» ;

орыс тіліндегі Қағидалардың 33-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«33. Мониторинг и учет предоставления социальной помощи проводит уполномоченный орган с использованием базы данных автоматизированной информационной системы «Е-Собес».».

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

Сессия төрайымы

С. Суханова
Ә. Сатова